



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

«21.» 02.2023 ж. 20

№ 70

Астана қаласы

город Астана

«Агроөнеркәсіптік кешендегі экономикалық саясаттың талдау орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы

«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабына, 43-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына, «Агроөнеркәсіптік кешендегі экономикалық саясаттың талдау орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғылық капиталына қатысу үлесін сыйға тарту шарты бойынша жеке меншіктен республикалық меншікке қабылдау және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 25 қарашадағы № 949 қаулысына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2023 жылғы 16 ақпандағы № КГИП-01-КГ/1114 хатына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Агроөнеркәсіптік кешендегі экономикалық саясаттың талдау орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – Серіктестік) жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Серіктестіктің Басқарма Төрағасы Нұршат Нұрұллаұлы Сарыбекке осы бұйрықпен бекітілген Серіктестіктің жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға Жалғыз қатысушының атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы бұйрық Жалғыз қатысушының шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



Е. Қарашөкеев

000117

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2023 жылғы «21» ақпан
№ 70 бұйрығымен
бекітілген

«Агроөнеркәсіптік кешендегі экономикалық саясаттың талдау орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

«Агроөнеркәсіптік кешендегі экономикалық саясаттың талдау орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғысына (бұдан әрі – Жарғы) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Жарғының 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі – Комитет) жарғылық капиталға 100% қатысу үлесін иелік ету және серіктестікті басқаруға қатысу құқығын жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Қатысушы/Жалғыз қатысушы) Серіктестіктің Жалғыз қатысушы ретінде жарғылық капиталға қатысу үлесінің 100% иелік ету және пайдалану құқығын жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қатысушылардың жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша мемлекеттің мүдделерін білдіреді.

Жалғыз қатысушының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, индексі 010000, Астана қ., Есіл ауданы, Министрлік үйі 8-даңғ., 3-кіреберіс.

Банк деректемелері:

БСН: 941040000235

ЖСК: KZ92070101KSN0000000

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Қазынашылық комитеті» РММ,

БИК: ККМФКЗ2А

4. Атқарушы органның орналасқан жері және Серіктестіктің мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 19, Б блогы;

2) Жарғының 39-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Серіктестіктің жоғары органы – Жалғыз қатысушы;»;

3) 43-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«43. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының айрықша құзыретіне мыналар жатады:

1) Серіктестіктің жарғысын өзгерту, оның жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жерін өзгертуді немесе Серіктестіктің жарғысын жаңа редакцияда бекітуді қоса алғанда;

2) Серіктестіктің атқарушы органын құру және оның өкілеттіктерін немесе атқарушы органның жеке мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, сондай-ақ атқарушы орган мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және еңбекақы төлеу шарттарын айқындау;

3) Байқау кеңесінің сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, оларды қалыптастыру және жұмыс істеу тәртібін айқындау;

4) жылдық қаржылық есептілікті бекіту және таза табысты бөлу;

5) Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды айқындау;

6) Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарының сыныптауышына сәйкес ішкі қағидаларды, оларды қабылдау рәсімдерін және серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттарды бекіту;

7) Серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау және осындай беру шарттарын айқындау;

8) тексеру комиссиясының (ревизордың) өкілеттіктерін сайлау және мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ тексеру комиссиясының (ревизордың) есептері мен қорытындыларын бекіту;

9) Серіктестіктің өзге шаруашылық серіктестіктерге, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешім қабылдау;

10) Серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдау;

11) тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;

12) Серіктестік қатысушысынан үлесті мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылдау;

13) Серіктестіктің барлық мүлкін кепілге қою туралы шешім қабылдау;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Серіктестіктің мүлкіне қосымша жарналар енгізу туралы шешім қабылдау;

15) Серіктестіктің құны серіктестік активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу бір және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті Серіктестік иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасуы туралы шешім қабылдауы;

16) Серіктестіктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Серіктестіктің өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жою.»;

4) мынадай мазмұндағы 43-1-тармақпен толықтырылсын:

«43-1. Комитеттің келісімі бойынша қабылданатын Жалғыз қатысушының шешімдері:

1) Жарғыға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе Жарғыны жаңа редакцияда бекіту;

- 2) жарғылық капиталдың мөлшерін өзгерту;
 - 3) Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігін бекіту және таза табысын бөлу;
 - 4) Серіктестіктің өзге заңды тұлғаларға қатысуы туралы шешім;
 - 5) Серіктестіктің барлық мүлкін кепілге қою туралы шешім;
 - 6) Басқарманы құру, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 7) Серіктестіктің мүлкін жалға немесе сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі мәмілелер туралы шешім қабылдау;
 - 8) Байқау кеңесін және (немесе) Тексеру комиссиясын сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 9) Серіктестіктің қатысушыдан жарғылық капиталдағы қатысу үлесін мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім;
 - 10) Тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;
 - 11) Серіктестіктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Байқау кеңесі қабылдаған шешімдердің күшін жою.»;
- 5) мынадай мазмұндағы 43-2-тармақпен толықтырылсын:
- «43-2. Байқау кеңесін Комитеттің келісуі бойынша Жалғыз қатысушы үш жыл мерзімге кемінде 3 (үш) адамнан тұратын құрамда құрады және ол алқалы орган болып табылады.»;
- б) 44-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «44. Серіктестіктің Байқау кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:
- 1) Даму жоспарын және оның орындалуы туралы есепті бекіту;
 - 2) еңбек заңнамасына сәйкес Серіктестіктің атқарушы органының мүшелерін тәртіптік жауапкершілікке тарту, сыйақы беру, материалдық көмек көрсету туралы шешімдер қабылдау;
 - 3) Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарының сыныптауышын бекіту;
 - 4) Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарының сыныптауышына сәйкес серіктестіктің ішкі құжаттарын бекіту;
 - 5) Серіктестіктің атқарушы органының мүшелеріне қызметтің түйінді көрсеткіштерін, олардың нысаналы мәндерін бекіту;
 - 6) Серіктестіктің штат санын және ұйымдық құрылымын бекіту;
 - 7) Серіктестік активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің жиырма бестен елу бір пайызына дейінгі құнын құрайтын мүлікті Серіктестік иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) нәтижесінде Серіктестік мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасу туралы шешім қабылдау;
 - 8) атқарушы органға Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерін құруды және таратуды алдын ала келісу;
 - 9) Серіктестіктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметін сайлау (сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицерді) және міндеттер жүктеу, өкілеттік мерзімін айқындау, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің (сыбайлас

жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің) лауазымдық жалақысының мөлшерін және еңбекақы төлеу шарттарын айқындау;

10) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және тарату, олар туралы ережелерді бекіту, сондай-ақ олар туралы ережелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу.»;

7) Жарғының 49-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«49. Атқарушы органның шешімінің күшін жоюды Жалғыз қатысушының не Серіктестіктің атқарушы органының өзі жүзеге асыруы мүмкін.»;

8) Жарғының 50-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«50. Серіктестіктің алқалы атқарушы органының айрықша құзыретіне мыналар жатады:

1) Жалғыз қатысушының және Байқау кеңесінің шешімдерін іске асыру;

2) Серіктестіктің даму жоспарын әзірлеу, алдын ала қарау және Серіктестіктің Байқау кеңесінің қарауына шығару;

3) Серіктестіктің бекітілген даму жоспары шеңберінде Серіктестік бюджетін бекіту және түзету, бюджеттің атқарылуы туралы есептерді қарау;

4) Байқау кеңесі бекіткен штат санын және Серіктестіктің ұйымдық құрылымын ескере отырып, Серіктестіктің штат кестесін бекіту;

5) жарғылық капиталына қатысу үлесі Серіктестікке тиесілі немесе сенімгерлік басқаруға берілген заңды тұлға қатысушыларының Жалпы жиналысының құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;

6) Серіктестіктің даму жоспарының орындалуын және оның орындалуы туралы есептің уақтылы ұсынылуын қамтамасыз ету

7) Серіктестіктің мәмілелер жасасу немесе Бақылау кеңесімен алдын ала келісілген бір-бірімен өзара байланысты мәмілелер жиынтығы туралы шешім қабылдауы, оның (олардың) нәтижесінде Серіктестік активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес пайызына дейінгі құнын құрайтын мүлікті Серіктестік иеліктен шығарады (иеліктен шығаруы мүмкін);

8) ішкі нормативтік құжаттар сыныптауышына сәйкес Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарын бекіту;

9) Осы Заңда немесе Серіктестіктің жарғысында Жалғыз қатысушының немесе Байқаушы органның құзыретіне жатқызылмаған өзге де өкілеттіктерді, сондай-ақ оған Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы берген өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

9) Жарғының 52-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«52. Басқарма төрағасы тек қана мына мәселелер бойынша дербес шешім қабылдайды:

1) Серіктестік қызметіне ағымдағы басшылықты жүзеге асырады;

2) сенімхатсыз Серіктестіктің мүдделерін білдіреді және қорғайды, мемлекеттік органдармен, өзге де ұйымдармен және тұлғалармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және осы Жарғыға сәйкес Серіктестіктің қаражаты мен мүлкіне билік етеді;

4) Серіктестік қызметінің қорытындылары туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде интернет-ресурстарда орналастыруды ұйымдастырады;

5) Жалғыз қатысушының, Байқау кеңесінің, Серіктестік Басқармасының шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

6) Серіктестіктің үшінші тұлғалармен қарым-қатынасында оның өкілдік ету құқығына сенімхат береді;

7) банктерде шоттар ашады, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізуді және қаржылық есептілікті жасауды ұйымдастырады;

8) Серіктестік қызметкерлерін қабылдауды, орнын ауыстыруды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады (сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметті (сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицерді) қоспағанда), оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады; Серіктестіктің штаттық кестесі мен лауазымдық айлықақыларының схемасына сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін белгілейді;

9) Серіктестіктің алқалы атқарушы органының мүшелері, сондай-ақ серіктестік қызметкерлері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік салаларын бөледі;

10) Серіктестік сатып алатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын бекітеді;

11) Басқарма хатшысының функцияларын Серіктестік қызметкерлерінің біріне жүктейді;

12) Серіктестіктің барлық қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

13) міндеттерді орындау үшін қажетті және Серіктестік органдары мен оның өзге де лауазымды адамдарының құзыретіне жатпайтын Серіктестіктің ағымдағы қызметіне қатысты барлық басқа мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.»;

10) Жарғының 53, 54 және 55-тармақтары алып тасталсын;

11) Жарғының 10-бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Таза кірісті бөлу

59. Серіктестіктің табысы қаржылық есептілік негізінде оның бір жылдағы қызметінің нәтижелері негізінде айқындалады.

60. Жыл қорытындысы бойынша таза табыстың бір бөлігін төлеу туралы шешімді Жалғыз қатысушы қабылдайды.

61. Жалғыз қатысушы серіктестікке қатысу үлесінен таза табыстың (дивидендтердің) бір бөлігін төлеу және оны Қазақстан Республикасының Үкіметі пайыздық қатынаста белгіленген мөлшерде уақтылы аудару жөнінде шаралар қабылдайды.

62. Серіктестіктің бір жылдағы қызметінің нәтижелері бойынша алған таза табысы Жалғыз қатысушының шешіміне сәйкес бөлінеді.»;

12) Жарғының 12-бөлімі алып тасталсын;

13) Жарғының 13-бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

**«13. СЕРІКТЕСТІКТІ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ
(ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ) ТАЛАПТАРЫ**

75. Серіктестікті қайта ұйымдастыру (біріктіру, бөлу, бөлініп шығу, қайта құру) заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.


76. Қайта ұйымдастыру ерікті немесе мәжбүрлі түрде жүргізілуі мүмкін.

77. Серіктестікті ерікті түрде тарату туралы шешімді Жалғыз қатысушы Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті шешімі негізінде қабылдайды.

78. Серіктестікті мәжбүрлеп таратуды заңнамада көзделген жағдайларда сот асырады.

Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Серіктестікті тарату туралы талапты мүдделі тұлғалар сотқа ұсынуы мүмкін.».

**«Агроөнеркәсіптік кешендегі
экономикалық саясаттың талдау
орталығы» ЖШС-ның
Басқарма Төрағасы**



Н.Н. Сарыбек



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

« 21. » 02.2023 г. 20

Астана қаласы

№ 70

город Астана

Об утверждении изменений и дополнений в устав товарищества с ограниченной ответственностью «Аналитический центр экономической политики в агропромышленном комплексе»

В соответствии со статьей 17, подпунктом 1) пункта 2 статьи 43 Закона Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью», постановлением Правительства Республики Казахстан от 25 ноября 2022 года № 949 «О принятии доли участия в уставном капитале товарищества с ограниченной ответственностью «Аналитический центр экономической политики в агропромышленном комплексе» из частной собственности в республиканскую собственность по договору дарения и внесении изменений и дополнений в некоторые решения Правительства Республики Казахстан», письмом Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан от 16 февраля 2023 года № КГИП-01-КГ/1114, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить прилагаемые изменения и дополнения в Устав товарищества с ограниченной ответственностью «Аналитический центр экономической политики в агропромышленном комплексе» (далее – Товарищество).

2. Уполномочить Председателя Правления Товарищества Сарыбек Нұршат Нұрұллаұлы подписать от лица Единственного участника утвержденные настоящим приказом изменения и дополнения в устав Товарищества.

3. Настоящий приказ является решением Единственного участника и вступает в силу со дня его подписания.

Министр



Е. Карашукеев

000116

Утверждены
приказом Министра сельского
хозяйства

Республики Казахстан
от «21» февраля 2023 года
№ 70

**Изменения и дополнения, вносимые в Устав
товарищества с ограниченной ответственностью «Аналитический центр
экономической политики в агропромышленном комплексе»**

Внести в Устав товарищества с ограниченной ответственностью «Аналитический центр экономической политики в агропромышленном комплексе» (далее – Устав) следующие изменения и дополнения:

1) пункты 3 и 4 Устава изложить в следующей редакции:

«3. От лица Правительства Республики Казахстан Комитет государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан (далее – Комитет) осуществляет права распоряжения 100% долей участия в уставном капитале и участия в управлении Товариществом.

Министерство сельского хозяйства Республики Казахстан (далее – Участник/Единственный участник) осуществляет права владения и пользования 100% долей участия в уставном капитале Товарищества и представляет интересы государства, как Единственного участника, по вопросам, отнесенным к компетенции общего собрания участников, в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Место нахождения Единственного участника: Республика Казахстан, индекс 010000, г. Астана, Есильский район, пр. Мәңгілік Ел 8, Дом министерств, 3 подъезд.

Банковские реквизиты:

БИН 941040000235

ИИК: KZ92070101KSN0000000

РГУ «Комитет Казначейства

Министерства финансов Республики Казахстан»

БИК: ККМФКЗ2А

4. Место нахождения исполнительного органа и адрес Товарищества: Республика Казахстан, г. Астана, Есильский район, пр. Кабанбай батыра 19, блок Б.;

2) подпункт 1) пункта 39 Устава изложить в следующей редакции:

«1) **высший орган Товарищества** – Единственный участник;»;

3) пункт 43 изложить в следующей редакции:

«43. К исключительной компетенции Единственного участника Товарищества относятся:

1) изменение устава Товарищества, включая изменение размера его уставного капитала, места нахождения или утверждение устава Товарищества в новой редакции;

2) образование исполнительного органа Товарищества и досрочное прекращение его полномочий или полномочий отдельного члена исполнительного органа, определение количественного состава, срока полномочий исполнительного органа, а также определение размеров должностных окладов и условий оплаты труда членов исполнительного органа;

3) избрание и досрочное прекращение полномочий наблюдательного совета, определение порядка их формирования и работы;

4) утверждение годовой финансовой отчетности и распределение чистого дохода;

5) определение аудиторской организации для проведения аудита годовой финансовой отчетности Товарищества;

6) утверждение внутренних правил, процедуры их принятия и других документов, регулирующих внутреннюю деятельность Товарищества, согласно классификатору внутренних нормативных документов Товарищества;

7) решения о передаче Товарищества или его имущества в доверительное управление и определение условий такой передачи;

8) избрание и досрочное прекращение полномочий ревизионной комиссии (ревизора), а также утверждение отчетов и заключений ревизионной комиссии (ревизора);

9) решение об участии Товарищества в иных хозяйственных товариществах, а также в некоммерческих организациях;

10) решение о реорганизации или ликвидации Товарищества;

11) назначение ликвидационной комиссии и утверждение ликвидационных балансов;

12) решение о принудительном выкупе доли у участника Товарищества;

13) решение о залоге всего имущества Товарищества;

14) решение о внесении дополнительных взносов в имущество Товарищества в соответствии с законодательством Республики Казахстан;

15) решение об одобрении заключения Товариществом сделки или совокупности взаимосвязанных между собой сделок, в результате которой (которых) Товариществом отчуждается (может быть отчуждено) имущество, стоимость которой (которых) составляет пятьдесят один и более процентов от общего размера балансовой стоимости активов Товарищества;

16) отмена любого решения иных органов Товарищества по вопросам, относящимся к внутренней деятельности Товарищества.»;

4) дополнить пунктом 43-1 следующего содержания:

«43-1. Решения Единственного участника, которые принимаются по согласованию с Комитетом:

- 1) внесение изменений и (или) дополнений в Устав или утверждение Устава в новой редакции;
 - 2) изменение размера уставного капитала;
 - 3) утверждение годовой финансовой отчетности и распределение чистого дохода Товарищества;
 - 4) решение об участии Товарищества в иных юридических лицах;
 - 5) решение о залоге всего имущества Товарищества;
 - 6) образование Правления, досрочное прекращение его полномочий;
 - 7) принятие решения о сделках по передаче имущества Товарищества в аренду или доверительное управление;
 - 8) избрание и досрочное прекращение полномочий Наблюдательного совета и (или) Ревизионной комиссии;
 - 9) решение о принудительном выкупе доли участия в уставном капитале у участника Товарищества;
 - 10) назначение ликвидационной комиссии и утверждение ликвидационных балансов;
 - 11) отмена принятых Наблюдательным советом решений по вопросам, относящимся к внутренней деятельности Товарищества.»;
- 5) дополнить пунктом 43-2 следующего содержания:
- «43-2. Наблюдательный совет создается Единственным участником по согласованию с Комитетом в составе не менее 3 (трех) человек сроком на три года и является коллегиальным органом.»;
- б) пункт 44 изложить в следующей редакции:
- «44. К исключительной компетенции Наблюдательного совета Товарищества относятся следующие вопросы:
- 1) утверждение Плана развития и отчета о его исполнении;
 - 2) принятие решений о привлечении к дисциплинарной ответственности, премировании, оказании материальной помощи членам исполнительного органа Товарищества в соответствии с трудовым законодательством;
 - 3) утверждение классификатора внутренних нормативных документов Товарищества;
 - 4) утверждение внутренних документов Товарищества согласно классификатору внутренних нормативных документов Товарищества;
 - 5) утверждение ключевых показателей деятельности членам исполнительного органа Товарищества, их целевых значений;
 - б) утверждение штатной численности и организационной структуры Товарищества;
 - 7) принятие решения о заключении Товариществом сделки или совокупности взаимосвязанных между собой сделок, в результате которой (которых) Товариществом отчуждается (может быть отчуждено) имущество, стоимость которой (которых) составляет от двадцати пяти до пятидесяти одного процента от общего размера балансовой стоимости активов Товарищества;

8) избрание или возложение обязанностей антикоррупционной комплаенс-службы (антикоррупционного комплаенс-офицера) Товарищества, срока полномочий, досрочное прекращение полномочий, а также определение размера должностного оклада и условий оплаты труда антикоррупционной комплаенс-службы (антикоррупционного комплаенс-офицера);

9) создание и ликвидация филиалов и представительств Товарищества, утверждение положений о них, а также внесение изменений и дополнений в положения о них.»;

7) пункт 49 Устава изложить в следующей редакции:

«49. Отмена решения исполнительного органа может быть осуществлена решением Единственного Участника, либо самим исполнительным органом Товарищества.»;

8) пункт 50 Устава изложить в следующей редакции:

«50. К исключительной компетенции коллегиального исполнительного органа Товарищества относятся:

1) реализация решений Единственного участника и Наблюдательного совета;

2) разработка, предварительное рассмотрение и вынесение на рассмотрение Наблюдательного совета Товарищества плана развития Товарищества;

3) утверждение и корректировка бюджета Товарищества в рамках утвержденного плана развития Товарищества, рассмотрение отчетов об исполнении бюджета;

4) утверждение штатного расписания Товарищества с учетом утвержденной Наблюдательным советом штатной численности и организационной структуры Товарищества;

5) принятие решений по вопросам, относящимся к компетенции Общего собрания участников юридического лица, доли участия в уставном капитале которого принадлежат Товариществу или переданы в доверительное управление;

6) обеспечение исполнения плана развития Товарищества и своевременного представления отчета об его исполнении;

7) принятие решения о заключении Товариществом сделки или совокупности взаимосвязанных между собой сделок, предварительно согласованных Наблюдательным советом, в результате которой (которых) Товариществом отчуждается (может быть отчуждено) имущество, стоимость которой (которых) составляет до двадцати пяти процентов от общего размера балансовой стоимости активов Товарищества;

8) утверждение внутренних нормативных документов Товарищества в соответствии с классификатором внутренних нормативных документов;

9) осуществляет иные полномочия, не отнесенные настоящим Законом или Уставом Товарищества к компетенции Единственного участника или

Наблюдательного органа, а также полномочия, переданные ему Единственным участником Товарищества.»;

9) пункт 52 Устава изложить в следующей редакции:

«52. Председатель Правления самостоятельно принимает решения исключительно по следующим вопросам:

- 1) осуществляет текущее руководство деятельностью Товарищества;
- 2) без доверенности представляет и защищает интересы Товарищества, осуществляет взаимодействие с государственными органами, иными организациями и лицами;
- 3) распоряжается средствами и имуществом Товарищества в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан и настоящим Уставом;
- 4) организует размещение информации об итогах деятельности Товарищества в средствах массовой информации, в том числе на интернет-ресурсах;
- 5) организует выполнение решений Единственного участника, Наблюдательного совета, Правления Товарищества;
- 6) выдает доверенности на право представления Товарищества в его отношениях с третьими лицами;
- 7) открывает счета в банках, организует ведение бухгалтерского учета и составление финансовой отчетности в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан;
- 8) осуществляет прием, перемещение и увольнение работников Товарищества (за исключением антикоррупционной комплаенс-службы (антикоррупционного комплаенс-офицера), применяет к ним меры поощрения и налагает дисциплинарные взыскания; устанавливает размеры должностных окладов работников Товарищества в соответствии со штатным расписанием и схемой должностных окладов Товарищества;
- 9) распределяет обязанности, а также сферы полномочий и ответственности между членами коллегиального исполнительного органа Товарищества, а также работниками Товарищества;
- 10) утверждает годовой план государственных закупок товаров, работ и услуг, закупаемых Товариществом;
- 11) возлагает функции секретаря Правления на одного из работников Товарищества;
- 12) издает приказы и дает указания, обязательные для исполнения всеми работниками Товарищества;
- 13) принимает решения по всем остальным вопросам, касающимся текущей деятельности Товарищества, необходимой для выполнения задач, и не относящимся к компетенции органов Товарищества и его иных должностных лиц.»;

10) пункты 53, 54 и 55 Устава исключить;

11) раздел 10 Устава изложить в следующей редакции:

«10. РАСПРЕДЕЛЕНИЕ ЧИСТОГО ДОХОДА

59. Доход Товарищества определяется по результатам его деятельности за год на основании финансовой отчетности.

60. Решение о выплате части чистого дохода по итогам года принимается Единственным участником.

61. Единственный участник принимает меры по направлению выплаты части чистого дохода (дивидендов) от доли участия в Товариществе и его своевременного перечисления в размере, установленном в процентном соотношении Правительством Республики Казахстан.

62. Чистый доход, полученный Товариществом по результатам его деятельности за год, распределяется в соответствии с решением Единственного участника.»;

12) раздел 12 Устава исключить.

13) раздел 13 Устава изложить в следующей редакции:

**«13. УСЛОВИЯ РЕОРГАНИЗАЦИИ И ЛИКВИДАЦИИ
(ПРЕКРАЩЕНИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ) ТОВАРИЩЕСТВА**

75. Реорганизация Товарищества (слияние, присоединение, разделение, выделение, преобразование) осуществляется в соответствии с законодательством.


76. Реорганизация может быть проведена добровольно или принудительно.

77. Решение о добровольной ликвидации Товарищества принимается Единственным участником на основании соответствующего решения Правительства Республики Казахстан.

78. Принудительная ликвидация Товарищества осуществляется судом в случаях, предусмотренных законодательством.

Требование о ликвидации Товарищества может быть предъявлено в суд заинтересованными лицами, если иное не предусмотрено законодательством.».

**Председатель Правления
ТОО «Аналитический центр
экономической политики
в агропромышленном комплексе»**



Н.Н. Сарыбек